

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 3

2025 жылғы 17 маусым
сағат 15.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. Бәсекелестікті дамыту және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері тұрғысынан кәсіпкерлік саласындағы реттеу мен мемлекеттік бақылау практикасының біркелкілігі мақсатында шектеулі ресурстарға қол жеткізу туралы мәліметтердің жариялылығының маңыздылығы мәселесі

1.1. Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаменті директорының орынбасары Д.Б. Мурзабекованың ашық геологиялық ақпарат бөлігінде мәліметтердің жариялылығының маңыздылығы мәселесіне қатысты ақпараты назарға алынсын.

1.2. Қоғамдық кеңес мүшелері Т.А. Одиловтың, А.Ж. Бикебаевтың, А.Т. Айтжановтың пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке БДТЗО-ның жұмыс жоспарына заңнама тұрғысынан жария болуы тиіс және оған қол жеткізу бәсекелестікті шектеуі мүмкін ақпаратқа қол жеткізудегі шектеулерді анықтау мәселесін енгізуді ұсынды.

2. Монополияға қарсы органдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселелері туралы

2.1. Персоналды басқару департаменті директорының орынбасары Г.К. Арынгазинованың монополияға қарсы орган қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселелеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

3. Ұсынымдардың орындалуы туралы есеп

3.1. Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті директорының орынбасары Р.Е. Пасечконың, Агроөнеркәсіптік кешен департаменті

директорының орынбасары Г. Жаксылықтың, Тергеп-тексерулер департаменті директорының орынбасары Д.К. Баямановтың, Әлеуметтік сала департаментінің бас консультанты С.В. Карпованың, Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаменті директорының орынбасары Д.Б. Мурзабекованың, Қаржы нарықтары департаментінің директоры А.Ш. Суюндиковтың, Отын-энергетика кешені департаменті директорының орынбасары Т.А. Башировтың, Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті директорының орынбасары А.М. Жакуповтың 2024 жылы Агенттіктің Қоғамдық кеңесі әзірлеген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Қоғамдық кеңес мүшелері Т.А. Одилловтың, Н.В. Радостовецтің, А.Ж. Бикебаевтің, А.К. Жалкеевтің пікірлерін, сондай-ақ пікір алмасуды ескере отырып, көпшілік дауыспен:

- 13, 45, 26, 27, 35, 39, 25, 48, 9, 52, 11, 30, 41, 49, 51, 53-тармақтарды назарға алу;

- 43-тармақты *(Нарық субъектілеріне жанама әдістермен, оның ішінде темекі өндірісінің өнімдеріне ең төменгі бағаларды белгілеу арқылы мемлекеттік көмек көрсету мәселелерін қарау)* одан әрі кедергілер картасына енгізу мүмкіндігімен Агенттіктің тауар нарықтарына кірудегі кедергілерді анықтау және жою жөніндегі кеңесінің қарауына шығару **(Н.В Радостовец – қарсы);**

- 23-тармақты *(Агенттіктің жазаны бұлтартпаушылық қағидатын (құқық бұзушылық түрлері, бизнес санаттары және нарықта шоғырлану дәрежесі бойынша сегменттеу) іске асыруын, сондай-ақ монополияға қарсы органның мәртебесін күшейту қажеттілігін ескере отырып монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар анықталған кезде жіберілетін хабарламалар институтын (ҚР КК-нің 199-бабы) қайта қарау)* ЭЫДҰ сарапшыларының жұмыс қорытындылары аяқталғаннан кейін қайта қарауға шығару **(3, 4-тоқсан);**

- 44-тармақты *(Агенттік монополияға қарсы реттеудің қолжетімді әдістерімен «пациентке ақша» қағидатын толыққанды енгізу үшін шаралар қабылдасын және бәсекелестікке теріс әсері бар емханаларға бекіту институтын қайта қарау)* қайта қарауға шығару **(3, 4-тоқсан);**

- 24-тармақты *(Үстемдік етуші субъектілер пайда болған, нарық үлесі жоғары, оның ішінде медицина, білім беру, құжат айналымы саласындағы цифрлық тауар нарықтарына талдау жүргізу және талдауды ескере отырып, монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тергеп-тексеру жүргізу ұсынылсын)* қайта қарауға шығару **(3, 4-тоқсан),** оның ішінде медицина, білім бойынша талдау нәтижелерін тыңдау;

- 31-тармақты *(монополиялық жоғары баға тұрғысынан сыйақы мөлшерлемелерін талдау және жеткілікті негіздер болған жағдайда, басым ойыншыларға қатысты тергеп-тексеру жүргізу, олардың арасындағы сөз байласу тұрғысынан тексеру; банктер арасында комиссиялар белгілеудің негізділігін талдау және монополиялық жоғары баға тұрғысынан тексеру))* қайта қарауға шығару **(3, 4-тоқсан);**

- 32-тармақты *(Бұрынғы кезеңдерде көрсетілген банктерге мемлекеттік көмекті монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тексерсін (олардың нарықтық шарттарда қанша берілгенін және олар бойынша сыйақы мемлекеттік*

көмек берілген кездегі нарықтық шарттарға қаншалықты сәйкес келгенін тексеру)) қайта қарауға шығару **(3-тоқсан)**;

- 42-тармақты (Салық жеңілдіктеріне, банктерге мемлекеттік көмектің қорытындыларына, ірі нарық субъектілеріне субсидияларға баса назар аударатырып, мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізу) қайта қарауға шығару **(3-тоқсан)**;

- 12-тармақты (Агенттік Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп «ҰАТ» АҚ орындауындағы ағымдағы техникалық тапсырманы «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасының монополияға қарсы комитетімен талқыласын, сондай-ақ осы техникалық тапсырмаға қосымша ұсыныстарды ескеруді ұсыну) қайта қарауға шығару **(3-тоқсан)**;

- 18, 19, 20, 22-тармақтарды (экономикалық шоғырлануға қатысты) қайта қарауға шығару **(3-тоқсан)** туралы шешім қабылданды.

Төраға



А. Бикебаев